



დადგენილი

პროგრამის

## **Ақ өлең жаратылысты Бақытжан Раисова**

Бақытжан Раисова – алтын Алтайда туып өскен, Қатынқарағайдың дарынды ақын қызы. Студент кезінде Ғафу Қайырбеков, Хамит Ерғалиев сияқты үлкен ақындарды жалт қаратқан ақын. Оралхан Бөкеев Бақытжанды әу баста ауылының бір қызы деп қараған, «Қазақ әдебиеті» газетіне апарып берген өлеңдерін Ғафу Қайырбековке оқуға берген соң, «Ғафу аға сені жер-көкке сыйғызбай мақтады, бұл қыздан үлкен ақын шығады деп айтты», – деп қатты қуанып кеткен.

Күйеуге шыққан соң отбасылық өмірге өнерге тым құштарлықтың салқыны тиіп кетерін әсіре сезінетін ер-азаматы Бақытжанды Алматыдан дедектетіп елге ала жөнелген ғой.

Елде тұрудың шығармашылыққа берер олжасы мол. Өр Алтайдың бұл ақынының шығармашылығы тұма бұлақтай саф таза екені содан болар. Бұқтырманың тылсымы, көкше теңіз жер мен көкті жалғап, кеңістікті шалқып орап жатады; қара жер биікке тырмысып, қылқан жапырақты орманын өсіріп, Алтай тауға бас сауғалап аман қалғандай сезілетін алапат су жағасында аунап-қунап өсу Бақытжан үшін текке кетпегені анық.

2007 жылы Бұқтырманы алғаш көргенімде мынау құрылықтың суы емес, көк дариясы, сабаншының жолындай ұлы теңіз ғой деп есім кеткені ойымда.

Бақытжан жырлары Бұқтырма сияқты. Ешкімге еліктеу, солықтау жоқ. Әдебиетте, өлең не қара сөз болсын, көшірмешілікпен ат шығарып жүргендер Бақытжан Раисова сияқты құдай берген табиғи дарындардың тылсымын айқын сезсе, етегі толып, еңіреп тұрып жылар ма еді.

Михаил Гаспаров, орыс өлеңінің табиғатына ғылыми классификация жасаған теория зерттеушісі, антикалық әдебиет маманы, аса ірі лингвист ғалым орыс әдебиеті күміс ғасыры ақыны Вячеслав Ивановты антика және Ренессанстық өрлеу формаларын керемет меңгерген ақын деп санайды.

Бақытжан Раисова ақ өлеңмен жазады. Ұйқас қуу қайда, ол техникалық кулықтан ада – қазақтың қара өлеңі мен жыраулар жыры, фольклорлық сарын мирасқоры. Бақытжан Мұхтарханқызының қазақы болмысы маған өткен ғасыр қаймағы бұзылмаған елдік дәстүр жұрнағындай сезіледі. Заманмен бірге өзгерген ұлттық мінезге жат құбылулардың теріс тұсы бұл ақында атымен жоқ. Нағыз қазақтықтан айрылмаған, жаны таза ақын.

Ең талғампаз, кірпияз зерттеуші қазақ поэзиясында Бақытжан Раисованың орнын дереу танып қояр еді. Әйелден ақын шықпайды деп ойлайтын, құдай әуелден биік жаратқан мықты ер ақындар даусыз мойындайтын ақын бұл Бақытжан. Олар Бақытжан Раисова жырларын оқыса, «Әйелден мықты ақын шығады, бірақ таңдаулысы бірен-саран» деріне еш шүбәм жоқ. Алтайда қарды тесіп бәйшешек өседі ғой. Бақытжан Раисова маған сол бәйшешек сияқтанады.

Мені ерен қайран қалдыратыны, аймақтарда тұратын мықты ақындарды айтқанда Бақытжан Раисова қалыс қалатыны. Ендеше, біздің әдеби дәстүрдегі тізімге салып айтудың стереотипін бұзар сәт туғанын мәлімдеу артық болмас.

Ақынның «Табиғатым» атты өлеңінде есте жоқ ескі пантеизм ұшқындары шашырап, көкейінде балбал тасқа құс қонғандай түркілік жад тұрған жоқ па. Көшпелі қазақ Айды Күннен артық көретіні, таулардың армандай асқақтығы, ақынның өмірдің меңіреу көрінетін кездерін жатсынғаны, сүюді жомарт жаратылыстан алғаны тұр. Лирикалық «менін» ақын айқын сезініп, сәуегейлік жасаса, сүйіспеншілік нұры шалқуынан. «Былдыр бұлақ» – жүрек пен пейіл, көңіл-күйдің нәресте былдырындай саф таза кездің тұнығы. Мұндай тенеуді өлеңде бұрын кездестірмеген сияқтымын. Ақын даланың тал бесігінде тербеліп өскені айқын.

Болысар маған табиғат,

Гүл жарып жауқазындары.

Қол созып сүйеу болып-ақ,

Даланың ай сағымдары.

Мелшиіп таулар қарайды,  
Мерт болса асыл мұраттар.  
Ақ жүзін тосар арайлы  
Алдымнан шыққан қыраттар.  
Табиғат тылсым. Аятсыз  
Жаныма жақын қосқаным.  
Қиястау кезде қанатсыз –  
Қиялап ұшқан аспаным.  
Арда төліңнің кебінде  
«Адамға табын» дегенбіз.  
Былдыр бұлақтың тегінде  
Басына қайтып келерміз.  
Шабыттың шырқау төрінде  
Жұлдыздай жанып сөнерміз.  
Өнердің калар өрінде  
Өзіңнен туған өлең қыз.  
Тобығым тайып тастарға,  
Толқыннан маржан тізгенім.  
Көміліп күміс бастауға  
Табиғатымды іздедім...

Бақытжан ақынмен 30 тамыз 2012 жылы Өскеменде, «Шығыс шынары» жыр мүшәйрасына қонақ болып барғанда, қонақасы банкетте таныстым. Әдебиет мерекесін ұйымдастырушылар мұндайда айдай әлемге ақ қанат періштелерін ұшыртып, таратып жіберетінін біле ме екен?!

Бақытжан бойынан бір көргеннен әйел затының есейген шағы болса да тым сирек сақталып қалатын қасиет – қыз балаға тән табиғи ұяндық, қарапайымдылық, мейірім мен тектілікті танып қайран қалдым. Кеуделеп, кісімси шалқақтап тұру ырымға жоқ. Әдебиетке шын мәнінде бес бересі, алты аласы жоқ әлдебіреулер өзін қарадай зор тұтып, табиғи таланттардың жұмбақ табиғатын танымай қор болатыны содан ғой.

Бақытжан Раисованың жырларын оқып отырсам, көкейіме қиянда қалған Ер Төстігім, сорқұдықта көрген сойқаным, дүр сілкінетін жылқы мінезім, бәйгеге қобызмен қоса ұшқан бақсылық жүрегім, жарық дүниеге қазақ болып жаралғаным, түбі бір құдайға құлшылыққа мойынсұнғаным – небір ұлы сарын жаныма Кетбұға, Қорқыт, Құрманғазы, Дәулеткерей, Сүгірдің күйлеріндей тасып-шалқып оралады.

Бақытжан шашына ақ бантик байлаған оқушы қыз кезінде Төлеген Айбергеновты ерекше сүйіп оқып, пір тұтқан екен. Значок ішіне Төлеген ақын суретін салып, бойтұмар қылып, Алматыға, КазГУ-дың филфагіне алып-ұшып келген бетте оқуға түсіп кеткен ғой. Ақындар бір-бірін қастерлеуі табиғи нәрсе.

Бақытжан Раисова жырларын оқыса, жас буын бұл ақынды пір тұтарына мен кәміл сенемін.